



**Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің
сырттай отырысының хаттамасы**

Астана қ.

№

2025 ж. 25 тамыз

Төрағалық етті:

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е. Б. Көшербаев**

Қатысқандар:

(тізім бойынша)

Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту туралы

1. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес мүшелерінің ұсынылған материалдар мен ұсыныстарын қарастырып, келесі ұсынымдар:

- 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің жұмыс жоспарын бекітілсін;

- 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспарын келіссін және мақұлдасын;

- білім, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп және салалық сарапшылардың ұсыныстарын ескере отырып, өзектендірілген Ұлттық біліктілік шеңбері бекітілсін;

- 2025–2030 жылдарға арналған біліктілік анықтамалықтарынан (БТБА, БА, ТБС және ЛУБС) кәсіптік стандарттарға кезең-кезеңімен көшу жөніндегі Жол картасын бекітілсін;

- мемлекеттік органдар мен салалық қауымдастықтардың ұсыныстарын ескере отырып, Кәсіптер тізілімін өзектендірілісін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне:

- ағымдағы жылғы 15 қыркүйекке дейін 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспарын бекітілсін;

- ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігімен (Техникалық реттеу және метрология комитетімен) бірлесіп Ұлттық кәсіптер сыныптауышын бекітуді қамтамасыз етсін;

- ағымдағы жылдың ішінде 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің жұмыс жоспарын уақытылы іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

- ағымдағы жылдың ішінде 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспарына сәйкес



кәсіптік стандарттарды әзірлеуді қаржыландыру мәселесін салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықтасын.

4. Салалық мемлекеттік органдарға:

- **ағымдағы жылғы 1 қарашаға** дейін салалардың кешенді талдауын жүргізіп, олардың қазіргі жай-күйі, кадрларға қажеттілігі, мәселелері мен даму үрдістері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне енгізсін;

- **ағымдағы жылдың** ішінде жұмыс күшінің мобильділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, 2025 жылға жоспарланған кәсіптік стандарттарды сапалы әзірлеу мен өзектендіруді қамтамасыз етсін;

- **ағымдағы жылғы 2 қазанға** дейін салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және өзектендіру бойынша жұмыстары аяқталсын;

- **ағымдағы жылғы 8 қазанға** дейін еңбек нарығында кәсіби біліктіліктерді ерікті негізде тану рәсімінен өтуге қажеттілік бар ең сұранысқа ие кәсіптерге талдау жүргізсін;

- **ағымдағы жылдың** ішінде кадрлық саясатты әзірлеу мен кадрларды даярлау қажеттіліктерін болжау кезінде жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласын қолдануды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органға жоспарға сәйкес кәсіптік біліктілік жөніндегі Ұлттық кеңестің отырыстарын өткізу мен материалдарды дайындауды қамтамасыз етсін.

6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары**

Е. Көшербаев



Входящий документ № 6297 от 26.08.2025

Наименование проекта: Еңбекминіне және мем органдарға тапсырма (материалы на заочное заседание Национального Совета по профессиональным квалификациям)

Кем и когда внесен (разработан) проект: Служба поддержки Proper Solutions

Исполнитель: MetaDoc A., Администратор (Служба поддержки Proper Solutions),

Подписано:

Жакупова светлана кабыкеновна (Государственное учреждение "Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан")

Дата подписания: 26.08.2025, 15:55

Серийный номер сертификата: 1480708d2d89f7d3808a1f782e825fa8a50f5eee

Срок действия сертификата: 27.09.2027



Входящий документ № 6297 от 26.08.2025

Наименование проекта: Еңбекминіне және мем органдарға тапсырма (материалы на заочное заседание Национального Совета по профессиональным квалификациям)

Кем и когда внесен (разработан) проект: Служба поддержки Proper Solutions

Исполнитель: MetaDoc A., Администратор (Служба поддержки Proper Solutions),

№	Ф.И.О.	Наименование должности и структурного подразделения	Результат исполнения	Дата и время исполнения
1	Талғарқызы А.	Главный эксперт - аналитик (Департамент методологической поддержки НСК)	В процессе	